

Сол бабалардың ерлігін тарих бетінде, ұрпақ есінде мәңгі есте қалдыру мақсатында «Бокты кө- терілісі» атты қоғамдық қор ашылды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қозыбаев М. Ақ таңдақтар ақиқаты: Оқу құралы. - Алматы: - «Қазақ университеті», 1992-215 б.
2. Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің 2009 ж. этнографиялық экспедиция материалдарынан. // Дерек беруші Бөкеев К.
3. Ә.Әбдіхалықұлы. Бокты көтерілісі шерлі оқиға. // Орталық Қазақстан. № 255-256. (19.668). 2004 ж.
4. Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің 2009 ж. этнографиялық экспедиция материалдарынан. // Дерек беруші Шекенов Қ.
5. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? - Алматы: Ана тілі, 1993. - 122 б.
6. <https://ortalyq.kz/bo-ty-k-terilisi-ara-shylary-kim-basmashylary-kim/> Орталық Қазақстан - Төрехан Майбас (06.04.2019)

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА: ҚАЗАҚ ДЕПУТАТТАРЫ ЖӘНЕ АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ

Амантаева Н.А., магистрант

(Ғылыми жетекші т.ғ.к., профессор ассистенті **М.С. Амрина**)

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басында Ресей империясы қиын кезеңді бастан өткерді. 1905-1907 жылдардағы революциялық жағдайға әкелген саяси күйреу Ресей империясының бүкіл даму жолымен және дамып келе жатқан капиталистік өндірістің феодалдық өмір салтының қайшылықтарына негізделді. Оның еріксіздігі экономиканың дамуына кедергі келтіре отырып, империя аумағындағы халықтардың толқуларын тудырды. Осы кезеңдегі ең негізгі мәселелер көшін жер бастап тұрды.

Қазақстанда жер мәселесі XIX ғасырда шиеленісе түсті. Оған 1867-1868, 1886-1891 жылдардағы әкімшілік реформалардың қазақ жерін Ресей империясының меншігі ретінде танып, великоросстар мен малоросстар қоныстануына мол мүмкіндік жасап беруі әсер етті. Ақмола облысынан 1885-1893 жылдар аралығында қарапайым халықтан 251 мың десятина жер тартып алынып, қоныстанушылардың 24 селосы қалыптасты. Жетісу жерінде 1895 жылға қарай 60-тан аса орыс шаруаларының поселкесі болды. Семей, Орал, Ақмола және Торғай облыстарынан 1893 жылдан 1905 жылдар арасында 4 млн десятина жер тартып алынып, қоныстанушыларға берілген болатын. Одан бөлек, қазақ жерінің оңтүстік-шығыс аудандарына XIX ғасырдың 70-90 жылдары ұйғырлар мен дүнгендер үшін 100 мың десятина жер алғаны тағы бар. 1896 жылы Қоныс аудару басқармасы құрылып, Жетісу, Сырдария, Ақмола және Торғай-Орал облыстарында өз жұмысын қызу жүргізді.

Қазақ жеріне тәртіп орнатуға келген казактар ең алғаш қоныс аударғандар болды. XX ғасырдың бас кезінде Сібір – 5 млн, Орал – 6,4 млн, Жетісу – 0,6 млн, Орынбор казактары – 7,4 млн десятина жерге ие болған [1].

Сол себепті XX ғасыр басындағы саяси орган Мемлекеттік Думада аграрлық мәселенің көтерілуі негізді еді. Сонымен қатар, алғашқы екі Думаның оппозициялық көпшілігінің үкіметтік бағдарламамен түбегейлі келіспеушілігі Ресей Парламентінің сайлау құқығының түбегейлі өзгеруімен екі рет таратылуының басты себептерінің бірі болды. Аграрлық проблеманы шешу жолдары туралы мәселедегі қазақ депутаттарының ұстанымы бірқатар жағдайларға байланысты болды: депутаттық корпусының этникалық және тектік-

топтық құрамы, дума көпшілігінің аграрлық мәселедегі ұстанымы, елдің қандай да бір өңіріндегі жер мәселесінің өткірлігінің дәрежесі.

Аграрлық реформа барысында жерге орналастыруды жүргізу туралы ұсынысты алғаш рет жер министрі А.В. Кривошеин 1905 жылдың басында айтқан болатын. 1906 жылғы 4 наурыздағы жарлықпен, яғни П. А. Столыпин үкіметке келгенге дейін бұл ұсыныс заңды рәсімдеуге ие болды. Столыпиннің билікке келуімен қоныс аударуды жүргізу жалғасты. 1907 жылы 6 наурызда II Мемлекеттік Думада сөйлеген сөзінде Столыпин шаруаларды қоныс аударуды үкіметтің аграрлық саясат саласындағы басты міндеттерінің бірі деп атады. 1908 жылы 30 қаңтарда ол №13 ішкі істер министрлігінің циркулярын шығарды, онда ол губернаторлардың назарын «жерге орналастыру ісі, оның мемлекеттік маңыздылығына байланысты, провинциялар басшыларының ерекше назарында болуы керек» деп аударды. Тюкавкин жерге орналастыру қауымдастықтан кетуден бұрын (1906 жылғы 9 қарашадағы Жарлыққа дейін), осы жылдың наурызынан басталғанын атап өтті. Содан кейін екі процесс қатар жүрді [2, 180 б].

I және II Думада Дала өлкесінен депутаттар кіретін бірқатар фракциялар мен топтар құрылды. Еңбек тобы, мұсылман фракциясы, Сібір депутаттарының тобы және тағы басқалар кеңінен танымал болды. Мұсылман фракциясы өз жұмысын I Мемлекеттік Думада бастады, бірақ толықтай II Думада құрылды. Фракция депутаттары аграрлық мәселе бойынша заң жобасын дайындауға белсенді қатысты. "Иттифак-әл-муслимин" партиясының бағдарламасына сүйене отырып, мұсылман депутаттары аграрлық мәселені шешудің өз нұсқасын дайындады.

Тұтастай алғанда, аграрлық мәселені шешудің үкіметтік бағдарламасы, тіпті қоныс аударуға қатысы жоқ бөлігінде де кейбір депутаттардың қолдауына ие болмады. Мұсылман өкілдері қауымның күштеп жойылуына және шаруалардың одан әрі стратификациясына, жеке меншік жерлерді ішінара мәжбүрлеп иеліктен шығаруға, кең империяның жекелеген аймақтарының өңірлік, климаттық, экономикалық және ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, аграрлық мәселені шешуге қарсы болды. Бұл мәселеде мұсылман өкілдері жалпы оппозициялық топтар арасында бастапқы орын алды. 2-ші шақырылымдағы Думада мұсылман депутаттарының бір бөлігі радикалды ұстанымға ие және социалистік лагерьге жақын болды [3, 37 б].

Егер Қырым мен Түркістан мұсылмандарын бірінші кезекте вакуфтардың жағдайы, Кавказ мұсылмандарын - феодалдық жүйенің көптеген жәдігерлерінің жойылуы алаңдатса, онда қазақтар, Түркістан мұсылмандары және ішінара башқұрттар үшін биліктің қоныс аудару саясаты бірінші кезектегі мәселе болды. Соңғы сұрақта мұсылман фракциясының барлық мүшелері пікірлес адамдар ретінде әрекет етті. Көші-қон саясаты мұсылмандар үшін ең ауыр мәселелердің бірі болды. Жанама түрде ол Ресейдің ішкі провинцияларындағы мұсылмандардың мүдделеріне де әсер етті.

I-ші Мемлекеттік Думаға сайланған қазақ депутаттары жергілікті оқиғалар мен кейбір облыстарда сайлаудың кешіктірілуі салдарынан толықтай Дума жиындарына қатыса алмады. А.Бірімжанов пен А.Қалменұлы 1906 жылғы шілденің ортасында ғана келді, ал Ә.Бөкейханов Думаны таратуға аз күн қалғанда ғана жетті. Айта кету керек, аз уақыт болсада А.Бірімжанов аграрлық мәселе жөніндегі өз ескертулерін айтып, ал Ә.Бөкейханов «Выборг үндеуіне» қатысып үлгерді.

II Мемлекеттік дума өз жұмысын 1907 жылы 20 ақпанда бастады және оның құрамы үкіметтің күткеніне қайшы болды. Қазақстан мен дала өлкесінің өкілдері, соның ішінде II думаға толық құрамда келін, аграрлық мәселе бойынша қатысу мүмкіндігіне ие болды. Мәселен, Орал облысынан келген депутат Космодемьянский 1907 жылғы 16 мамырдағы жиында сөйлеген сөзінде экономикалық жағдаймен де, тұрмыспен де, көшпенділердің психологиясымен де санаспай, патша үкіметі қазақтардың жерін тартып алғаннан кейінгі олардың ауыр жағдайын суреттеді.

I және II Думаның жұмысы барысында депутаттар арасында қазақ халқынан Б. Қаратаев, Ш. Қосшығұлұлы, А. Бірімжанов, Т. Нұрекенов, М. Тынышбаев, А. Қалменов

мінберден сөз сөйлеуге мүмкіндік алды. Қазақ депутаттарының өз халқының құқықтарын қорғауға ұжымдық үндеу жағдайлары да болды. Осылайша, екінші шақырылған Мемлекеттік Думаның депутаттары Қаратаев, Бірімжанов, Нұрекенов және Қосшығұлұлы өз мәлімдемесінде 1907 жылғы наурызда: «Барлық көшпелілер үшін мал шаруашылығы – әлауқаттың бірден-бір көзі, ал көшпенділік – қырғыздардың Азияның шексіз даласындағы жайдары әрі бос жүрісі емес, табиғаттың ерекше құмарлығынан туындаған тіршілікті қолдаудың жалғыз мақсаты болып табылатын ауыр еңбек» - деп сөз сөйледі.

Оқыған қазақ және орыс зиялылары халықтың талабын білдіре отырып, шаруалардың қоныс аударуын қазақ халқы толық жерге орналастырылғанға дейін және оны Мемлекеттік Дума түпкілікті заңнамалық түрде шешкенге дейін дереу тоқтатуды талап етеді. Бұл тұрғыда қазақ зиялыларының көзқарасын қарастыру аса маңызды. Оның басшысы Ә. Бөкейханов патшалықтың отаршылдық саясатын сынға алып, "Кризис канцелярского переселения" мақаласында былай деп жазды: "қоныс аудару және отарлау сияқты мәселелер мындаған тірі адамдарды Сібірдің картасына саусақпен жылжыту арқылы ғана шешілмейді. Бір жағынан, қоныс аударушылардың қираған ескі үйлерге қоныстануы, ал екінші жағынан - жергілікті халықтың күйреуі". Ол жер алудың қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына кері әсеріне назар аударады, жерді алып қою жергілікті халықтың өзекті мүдделерін ескерместен жүргізілді деп заңды түрде мәлімдеді. Ә. Бөкейханов қазақ қоғамының табиғи-тарихи эволюциясының жақтаушысы екенін білдірді.

Айта кету керек, 1906 жылдан бастап қазақ жерінде жер мәселесіне байланысты толқулар көбейе түсті. Толқуға қатысқан 300-ге жуық қазақтар қара тізмге ілініп, тінті кейбірі жер аударылып кетті. Ш.Қосшығұлұлына жіберілген жеделхатта қазақтар өз құқықтарын қорғауда мұсылман фракциясынан көмек көрсетуін өтінеді.

Торғай облысынан сайланған депутат А. Бірімжанов 30 маусым күні өткен Дума жиынында қазақ жерінің тартып алынуы туралы мәселені қозғап, жер комиссиясының құрамына қазақтарды еңгізу керек деп ұсыныс жасады. Ш. Сыртланов фракция жиналысында оның сөзін қуаттай түсті.

1907ж. 7 сәуірде мұсылман фракциясы мен «Ресей мұсылмандары одағынын» біріккен жиынында думада талқылануға тиісті заңдар мен жер мәселесін қозғау туралы сұрақтар қарастырылды. Осы мәселелерді шешу мақсатында 15 адамнан тұратын комиссия құру мәселесі шешілді. Комиссия құрамында А.Бірімжанов пен Ш.Қосшығұлов сынды қазақ депутаттары кіріп, қазақ жер мәселесінің өткірлігін алға тартты.

1907 жылы 16 мамырда Бақытжан Қаратаев Мемлекеттік думада қоныс аудару саясатының негізгі мақсаты отарлау мен тонау екенін әшкерелеп, сөз сөйлеген болатын. Жер мәселесі талқыланған осы кеңестің пленарлық отырысында патша үкіметінің аграрлық саясатын сынады. Өз сөзінде Ресей жеріндегі 130000 помещик пен шаруалардың мүддесін қорғау үшін қазақтардың жерін ғана емес, үйі де тартып алынып жатқанын тілге тиек етеді.

Отаршылдық және аграрлық мәселені сынаған Дума 1907 жылғы 3 маусым күнгі үкіметтің жарлығы бойынша үкіметке таза орыс рухындағы Дума қажет сылтаумен таратылды. 3 маусым жарлығы бойынша қазақ және басқа да кейбір халықтар сайлау құқығынан айырылды. Сайлау құқынан айрылған қазақтар өз талап-тілектерін мұсылман фракциясы арқылы жеткізе бастады.

Мұсылман депутаттарының дума трибунасынан, баспасөзден сөйлеген сөздерінде, сондай-ақ қысымға ұшыраған қазақтардан көптеген өтініштерінде қоныс аударушылар үшін учаскелерді алып қою қазақ шаруашылықтарын көшпелілердің қажетті маусымдық орын ауыстыруын жүргізу мүмкіндігінен айыратыны, олардың экономикалық негізіне нұқсан келтіретіні, демек, күйреуге ұшырайтыны дәлелденді. Мұсылман спикерлері қоныс аудару саясатынан бас тартуға шақырған жоқ, өйткені олар оны тоқтата тұруды және бұрын жергілікті халықтың проблемаларын қанағаттандыруды сұрады. Мәселенің бұл тұжырымы Дала өлкесінің байырғы тұрғындарының депутаттарына қолданылған жазалау шараларымен түсіндіріледі.

Тұастай алғанда, биліктің қоныс аудару саясатына қарсы тұру мұсылман депутаттарының қызметіндегі басты тақырыптардың бірі болып қала берді. Дала аймағы мен Түркістан халқы Думадағы өкілдіктен айырылғандықтан, Еділ-Орал аймағы мен Кавказдан келген депутаттар олардың мүдделерін қорғау функциясын өз мойнына алды. 3-ші шақырылымдағы Думада татар депутаты С.Мақсуди және дағыстандық И. Гайдаров сияқты фракция мүшелерінің үкіметтің қоныс аудару саясатына қарсы сөйлеген сөздері үлкен резонанс тудырды. Қазақ халқының мүдделеріне қатысты тиісті заң жобаларын іс жүзінде әзірлеумен бұрынғы депутаттар Ә. Бөкейханов пен Б.Қаратаев айналысты [3, 38 б].

1908 жылы Бақытжан Қаратаев, Сералы Лапин және Елжан Оразаев жерге орналастыру бойынша заң жобасын әзірлеп, мұсылман фракциясына табыстаған. Заң бойынша «әуелі қазақтарды мал һәм егін шаруашылығына қолайлы жерге орналастырып, содан соң артылған жер болса, переселендерді орналастыруға тиіс болмақ еді. Переселендер тоқтайтын болмаған соң, бұл жоба бойынша қазақтарды жылдамырақ жерге орналастыру үшін әр жерлерде уездной һәм областной земля устройственный комиссия жасамақ, оған қазақтан да уполномоченный кіргізбек һәм земледеля – земляустройствотонын бас мекемесінің жанында қазақ жерін орналастыру үшін бір комитет ашпақ. Оған да қазақтан уполномоченный кіргізуге тиіс еді» - деп жағдай жасау қажет екенін көрсеткен. Бұл заңға октябристер, социал-демократтар, кадеттер, трудовиктер, мұсылман фракциясынан 60 адам қол қойып, Думада талқыламақ ойда болған.

Алайда бұл заң жер және егіншілік бас басқармасы мен министрлер кеңесі тарапынан қолдау көрмеу себебінен іске асырылмай қалды. Оның орнында басқа заң жобасы болған күннің өзінде қабылдануы екіталай екенін А. Байтұрсынов 1914 жылы жарық көрген «Қазақ һәм Дума» мақаласында «Қазақтың көбі Думаның атын білсе, жайын жақсы білмейді. Білмеген соң ойлайды: Тілеген тілегі Думаға жетсе, тілегі бола қалады деп. Бүгінгі дума ондай күннен алыс... 17 октябрь манифесінде Дума ұнатпайынша, закон заң болмайды, дегенге көбі закон шығаратын жалғыз дума деп ойлайды. Манифесте солай деп айтса да, онан кейін шыққан Русия патшалығының Негізгі заңының 86 статьясында «Ешбір жаңа закон Г. Дума һәм Совет ұнатпайынша һәм патша бекітпейінше закон қуатына кірмейді», - деп айтылған. Олай болған соң закон шығаратын жалғыз Г. Дума емес, Совет һәм патша үшеуі. Халыққа керек, халық пайдасына деген закон жоғарыда айтылған үш орыннан өтуі қиын жұмыс. Қиын болатыны үшеуі бірдей ұнатпаған жоба закон бола алмайды» [5, 294 б] - деп империяның негізгі саясатын сынаған еді.

Жер мәселесін одан сайын ушықтырған 1906 жылғы Столыпіндік реформаның 1910 жылдан бастап заңды күшке ие бола бастауы еді. Жерге орналастыру туралы 1911 жылғы 29 мамырдағы Заңның негізінде жерге орналастыру комиссиялары шаруалар үшін бөлін берген учаскелер алдын ала «бекітусіз» олардың меншігіне өтті. Шаруалар жерге орналастыру тәртібімен оларға жер бөлу туралы актілерді алды, сонымен бірге осы учаскелерге меншік құқығы туралы актілер қоса берілді. Қоныс аудару жұмыстары 1910-1914 жылдары белең алды. Ресей империясы бойынша 1907-1915 жылдары Ұлыбритания аумағына тең 20,3 миллион десятина жерге қоныс аудару саясаты орындалған. Қоныс аудару жұмыстарын есепке алу ауылдағы Столыпін реформасының ауқымын жалпы бағалауды айтарлықтай өзгертеді [2, 180-181 б].

Одан бөлек, Қазақстанда қоныс аудару саясатынан басқа да жер мәселесіне байланысты оқиғалар орын алды. 1908 жылы «Сибирские вопросы» газетінде жарық көрген Ә. Бөкейханның «Ненужное генераль-губернаторство» деген мақаласында Ақмола және Семей облыстарынан тұратын Дала генерал-губернаторлығының канцелярия шенеуиіктерін қамтамасыз етуде қарапайым халықтың қалтасынан қаражат бөлініп, салық ретінде алынатыны жазылған. Дала генерал губернаторы жылына 24.695 руб. жалақы алып отырған (бұл тек белгілі деректермен). Бұл ақшаға 10 жыл бұрын қырғыз старшындары мен байларға сыйланатын өте қымбат бірнеше шапан алуға болатынын мысалға келтірді. Барлық қызметкерлерімен жылына бұл генерал-губернаторлық 62.218 рубль жаратады. Сол себепті

бұл ақшаны басқа іске жарату тиімдірек екенін ескеріп, генерал-губернаторлықты қажетсіз деп есептеуге болады деп жазған [4, 8-9 б].

Қорытындылай келе, жер мәселесі қазақ халқына өте ауыр тиді. Қазақстандағы жер тапшылығы патшалық жер иелерінің үстінен төніп тұрған қатерді жоюға ұмтыла отырып, Еуропалық Ресейдің халық тығыз орналасқан губернияларынан Дала өлкесінің аумағына мыңдаған шаруалардың қоныс аударуын жандандырған кезеңде шарықтады. Қоныс аудару қоры қазақ халқын күйрету бағасымен құрылды, одан ең жақсы жерлерді алып қою және шөл және шөлейт аудандарға жер аударумен қатар жүрді, соның салдарынан көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы дағдарыс жағдайында болды. Қазақстанның табиғи-географиялық жағдайларын ескерусіз жерлер алынды, дәстүрлі қазақ шаруашылығын ұйымдастыру ерекшеліктері есепке алынбады, көшіп-қону маршруттары бір түн ішінде емес, табиғи-географиялық жағдайларға ұзақ бейімделу нәтижесінде қалыптасқаны ескерілмеді. Сол себепті, Мемлекеттік Думаға сайланған қазақ депутаттары орыс шаруаларын бөтен халықтың есебінен қажетті жермен қамтамасыз ету ниеті жергілікті халықтың наразылығын тудырып және осы шет аймақтардағы жағдайдың шиеленісуіне әкелгенін жеткізуге тырысты. Дума аграрлық мәселені толық шешпесе де, қазақ халқының тарапынан көптеген қадамдар жасалынды.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. - Алматы : Казахстан, 1994. - 160 с.
- 2 Лачаева М.Ю. Тюкавкин В.Г. Великорусское крестьянство и Столыпинская аграрная реформа // Отечественная история, 2002, №3.
- 3 Усманова Д.М. Мусульманские депутаты в Государственной думе Российской империи. 1906-1917: Дис.д-ра ист. наук : 07.00.02 Казань, 2004. - 324 с.
- 4 Букейханов А.Н. Ненужное генераль-губернаторство // Сибирские вопросы. - 8 декабря, 1908 г. №45-46.
- 5 Дулатов М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1991. - 384 б.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

Ақпанбет Н.Н., PhD, аға оқытушы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр- Сұлтан қ., Қазақстан

Еліміз 1990 жылдардың басында қарама - қайшылықты әрі өзекті мәселелермен бетпе – бет кездесті. Экономикалық дағдарыс терең тамыр жайып, қоғамдық өмірдің барлық саласына әсер етті. Осы жылы Қазақстанның экономикалық саясатындағы басымдылық экономиканы ырықтандыру және жаңа қаржы жүйесін қалыптастыруда дербес бюджет, салық және кеден жүйелерін құру болды. 1990 жылы Жоғарғы экономикалық кеңес құрылды. Заң, экономика салаларындағы жас және жаңаша ойлайтын мамандардың басын қосып, жаңа орган басшылығы нарықтық стратегияны дайындады. Қазақстан экономикасының нарықтық моделін құру кезінде көптеген қиыншылықтар кездесті. Тек қана экономикалық жүйені ғана емес, мемлекеттік құрылымды да заман ағымына сай бейімдеу қажет болды[1,172б.].

Осы бағытта 1992 жылы қаңтарда мемлекеттік меншікті оның иелігінен алып жекешелендіруге кірісті. Қазақстанда нарықтық экономикаға көшудің алғашқы кезде үш кезеңі белгіленді.

Бірінші кезеңі нарықтақ экономиканың шағын жекешелендіруден басталды. Алғашқы кезеңнің барысында 1991-1992 жылдары 5000-ға жуық нысандар жекешелендірілді, олардың қатарында ұжымдық меншікке берілгендердің саны 470-тен астам болды.